



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



## Ә.Қуантыров америкалық ірі компаниялардың басшыларымен кездесті

ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Қазақстан-Америка іскерлік кеңесінің (USKBZC) мүшелерімен жыл сайынғы дөңгелек үстелге қатысты. Іс-шараға АҚШ Сауда Палатасының аға вице-президенті Хуш Чокси бастаған ірі америкалық компаниялардың, соның ішінде Chevron, Boeing, Citi, Pfizer және т.б. басшылары қатысты.

Ә.Қуантыров өз сөзінде атап өткендей, Қазақстан мен америкалық ірі компаниялардың ынтымақтастығы 30 жыл бойы жалғасып келеді және олардың саны жыл сайын өсіп жатыр.

ҚР мен АҚШ арасындағы тауар айналымы 2022 жылы пандемияға дейінгі деңгейден асып, \$3,1 млрд. құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 37%-ға артық. Қазақстаннан АҚШ-қа экспорт 32% - ға өсіп, \$1,2 млрд құрады, бұл ретте америкалық тауарлардың импорты 40% - ға ұлғайып, \$1,9 млрд құрады.

«ҚР Үкіметінің қолайлы инвестициялық жағдай жасау бойынша жүргізіп жатқан экономикалық реформаларының нәтижесінде Қазақстандағы америкалық инвестициялар

мен компаниялардың саны бір жылда 9%-ға өсті», деді ҰЭМ басшысы.

Сондай-ақ министр елімізде жүргізіліп жатқан салық-бюджет саясаты, бизнес-климатты жақсарту бойынша реформалар туралы айтып берді және инвесторларды ағымдағы жылдың 8-9 маусымында өтетін Астана халықаралық форумына қатысуға шақырды. Осы уақытта АҚШ-тың Сауда миссиясының Қазақстанға келуі күтілуде.

Сонымен қатар, Ә.Қуантыров Citigroup банкінің үкіметтер мен мемлекеттік сектор жөніндегі жаһандық блогының басшысы Джули Монакомен кездесті. Тараптар әлемдік экономиканың өзекті мәселелерін, қаржы нарығындағы негізгі үрдістерді, сондай-ақ банк секторындағы проблемаларды талқылады. Д.Монако ханым банктің қаржылық көрсеткіштерімен бөлісіп, даму стратегиясы туралы айтты.

Кездесу қорытындысы бойынша Джули Монако Астана халықаралық форумына қатысуға және Қазақстан Үкіметімен ынтымақтастықты жалғастыруға мүдделілігін білдірді.

## Президент Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін құттықтады

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев грек-рим, еркін және әйелдер күресі бойынша Астанада өткен Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін жарқын жетістіктерімен құттықтады.*

Сіздердің жеңістеріңіз спортты серік еткен жастарды жігерлендіріп, биік белестерге бастайтыны сөзсіз. Еліміз күрес өнерін дамыту үшін барлық жағдайды жасап отыр. Балуандарымыздың дүбірлі додаларда үздіктер қатарынан көрінуі – соның айқын дәлелі», деп жазылған Президенттің құттықтау хатында.

«Сіздер байрақты бәсекеде топ жарып, ел абыройын асқақтаттыңыздар. Боз кілемде жеңіске деген ерік-жігер мен шеберліктің озық үлгісін көрсетіп, жанкүйер қауымға зор қуаныш сыйладыңыздар. Бұл – табандылық пен қайсарлықтың, тынымсыз еңбектің нәтижесі.

Мемлекет басшысы спортшыларымыздың алдағы уақытта да аламан сайыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, ел мерейін көтере беретініне сенім білдірді.

## Жидданың Сауда-өнеркәсіп палатасы Қазақстанмен ынтымақтастыққа мүдделі

Қазақстанның Сауд Арабиясындағы елшісі Берік Арын Жидданың Сауда-өнеркәсіп палатасының басқарма төрағасы Мұхаммед Юсеф Нағимен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен Корольдік арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайту мен кеңейту мәселелерін талқылады. Қазақстандық дипломат шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай мен экожүйе құруға бағытталған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ағымдағы реформалары мен жаңа бастамалары туралы айтып берді.



Б.Арын екі мемлекет арасында «Flynnas» саудтық әуекомпанияның жоспарланған тікелей әуеқатынасын ашуы Қазақстан мен Сауд Арабиясының іскер топтарының өзара іс-қимылын жандандыруға қосымша серпін беретінін, сондай-ақ өзара туристік ағымды ұлғайтуға жол ашатынын атап өтті.

Сонымен қатар елші өткен жылы Корольдіктің жетекші қалаларында өткізілген туристік роудшоулардың арқасында Қазақстанға туристік мақсатта келген Сауд Арабиясы саяхатшыларының саны ковидке дейінгі кезеңмен салыстырғанда он есе артқанын айтты.

Сауд азаматтары үшін Қазақстанды жаңа және перспективалы туристік бағыт ретінде ілгерілетудің осы табысты тәжірибесінің негізінде үстіміздегі жылғы мамыр айында туркомпанияларды, қонақүйлер бизнесінің өкілдерін, жергілікті әуекомпаниялар мен мүдделі бизнесмендерді тарта отырып, Жидда СӨП жанында кезекті роудшоу өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.


Сонымен қатар кездесу барысында елші Жидда СӨП басшылығының қарастыруына туризм, ауыл шаруашылығы, энергетика және т.б. салалардағы бірқатар инвестициялық жобаны табыстады.

Өз тарапынан М.Нағи сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықтың қолда бар әлеуетін жоғары бағалап, Жидда СӨП атынан іскерлік байланыстарды нығайтуға барынша жәрдемдесуге дайын екеніне сендірді.

## 2GIS қазақ тіліне аударылады

2GIS қазақ тіліне аударылған карталар мен ұйымдардың анықтамалығын тестілеу режимінде іске қосады.

Енді карталардың және ұйымдар анықтамалығының деректері қазақ тіліне аударылады. Мұның арқасында 2GIS-те дүкендерді, дәрханаларды, қоғамдық тамақтану орындарын, мәдениет мекемелерін, көрікті жерлерді және басқа да орындарды Қазақстанның мемлекеттік тілінде де іздеп табуға болады. Ақтау, Ақтөбе, Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Семей, Тараз, Түркістан, Орал, Өскемен, Шымкент және т.б. сияқты Республиканың 41 қаласы мен 1245 елді мекенінің анықтамалық деректері мен карталары ауда-



рылды.

«Жұмыс барысында анықтамалық құрылымын аударуға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мамандары көмектесті, кейін деректерді егжей-тегжейлі пысықтауға біз компаниядан тыс басқа кәсіби аудармашыларды қостық», дейді

2GIS-тің Анықтамалық-картографиялық өндіріс жөніндегі директоры Елена Толкачева.

Қосымша алдағы уақытта тестілеуден өтетін болады.

«Еліміздің ірі қалалары мен агломерацияларының анықтамалығы мен карталары аударылды. Енді біз жаңартылған сервисті ашық тестілеуге кірісеміз. Біз пайдаланушылардың кері байланысын қуана қабылдайтын боламыз. Оны қате туралы хабарлар арқылы қосымшаның өзінде немесе 2gis.kz сайтында қалдыруға болады. Мұндай хабарлар қазақ тілінде іздеу мен сервистің басқа да функцияларының жұмысын жетілдіріп, болашақта аударманы толықтыруға көмектесетін болады», деді ол.

«Созақ үні»-ақпарат.

## “Әдеп” кодексінің талаптарын сақтау-баршамыздың міндетіміз

Мемлекет басшысымен ұсынылған Ұлт Жоспары “100 нақты қадам” бағдарламасының басты мақсаты-кәсіби мемлекеттік аппарат құру екені белгілі. Қазақстан Республикасы Президентінің 29 желтоқсан 2015 жылғы №153 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары - әдептіліктің, сыпайылықтың, қарапайымдылықтың негізі болып саналады және олар үшін тәртіптік әдеп стандарттарын белгілейді. Бұл өз кезегінде елімізде мемлекеттік қызмет аппараттарының кәсіби біліктілігіне, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік келбетінің жағымды қалыптасуына әсерін тигізеді.

Негізінен әдеп кодексі бес бөлімнен тұрады: жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары.

Кодекстің жалпы қағидаларына сәйкес, қоғам мемлекеттік қызметшісінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны- Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді.

Сонымен бірге, әлеуметтік желілердегі өз аккаунттарында көңіл көтеру орындарынан фотосуреттерін, шет елдердегі қымбат автокөлікпен тұрған, мейрамханадағы және тағы сол сияқты суреттерді орналастыру, сондай-ақ, өзінің қымбат дүниелерін, киімдерін көрсету қыпталмайды.

Мемлекеттік қызметшілерге жұмыс уақытысында әріптестері тарапынан қызметтік әдеп нормалары бұзылуының жолын кесу, әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне кір келтіретіндей олардың жеке басын және кәсіби қабілеттерін талқылаудан аулақ болу, әріптестерінің өз лауазымдық міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу ұсынылады.

Жалпы алғанда Әдеп кодексінің негізгі міндеті халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік

қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған заман талабына сай, бұрынғыға қарағанда мемлекеттік қызметшілерге қойылар талаптардың күшейгендігін байқаймыз. Бүгінгі мемлекеттік қызметшінің бет бейнесі көпшілікке сыйлы, басшыға қадірлі, әрбір іс-әрекетіне жауапты, іскер және үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсететін азамат болуы қажет.

Жалпы, мемлекеттік қызметкерге кодексте көптеген міндеттер жүктелі, халықтың бірлігін нығайтуға қарапайым, биязы, білікті болуға. Қоғамдық сынға ілікпеуге, өтерік, өсек, айтпауға тиіс деп нақты белгіленген.

Кодекстің “қызметтен тыс уақыттағы қарапайым болуға, қоғамда белгіленген жалпы моральдық-әдептік нормаларын сақтауы, заңнама талаптарын бұзбауы қажеттігі нақты көрсетілген.

Бұдан басқа мемлекеттік қарым-қатынастардағы мінез-құлық стандарттарында әріптестердің бір-бірімен сыпайы қарым-қатынас жасауына, басшылардың қарамағындағы қызметшілермен және төмен тұрған лауазымдағы қызметшілердің басшыларымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар айқындалған. Яғни, олардың өзара қарым-қатынас жасауы іскерлік негізде жүзеге асырылып, ұжымда әріптестер бір-бірінің ар-намысы мен абыройына зиян келтіретін ақпарат таратпаулары тиіс делінсе, басшы қол астындағы қызметшілер үшін барлық адамгершілік қасиеттердің үлгісіне айналуы, оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиеттерін қорлауға жол бермеуі және қызметтен тыс мәселелерін шешу кезінде өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауы тиіс делінген.

Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексінің талаптарын мұқият сақтап, мәңгілік еліміздің өркендеуіне зор үлес қосуымыз қажет.

**Абдухат БАКИРОВ,**  
аудан әкімі аппаратының басшысы.

**Аудан бойынша жергілікті атқарушы органдардағы әдеп жөніндегі уәкілі.**

## Мемлекеттік тіл

Қай ұлттың болмасын өзіндік тілі, дәстүрі және діні болады. Бұл үшеуі бірігіп, ұлттың нағыз рухани тірегіне айналады.

Біздің Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп жазылған. Ал орыс тілін – ресми тіл, мемлекеттік тілмен бірдей қолданылады деп айтылған. Біз Конституция талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттіміз. «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз».

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы-тіл» деген Ахмет Байтұрсынұовтың қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу – мемлекеттік қызметкерлердің ең басты біліктілік талабына айнала бастады. Қазір мұндай

талап қойылатын лауазымдар саны күн өткен сайын артып келеді. Сонымен қатар мемлекеттік органдар арасында құжат айналымының тек мемлекеттік тілде болуын қатаң сақтауды жүзеге асыруда.

Мемлекеттік тілді насихаттау үшін әрбір азамат өзінің тілін, тарихын терең де жете білуі керек. Тіл байлығы – елдің, ұлттың мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалыптасып отырады. Тіл – халықтың жаны, халқымыздың аса бай рухани қазынасы. Барлық әлем тану үшін, тіліміздің мәртебесін биік ұстануымыз керек. Мемлекеттік тілді дамытуға байланысты әртүрлі іс-шаралар өткізіп отыру. Қызмет бабы бойынша қазақ тілінде кәсіптік терминдер қолдану мемлекеттік тіліміздің дамуына қосар үлесі зор.

**Б.ЖҰПАРБАЙ,**  
Созақ аудандық сотының аға сот приставы.



## КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті.

Мәжілістің күн тәртібінде 3 мәселе қаралды. Өткен жылдың қорытындысымен негізгі әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының орындалуы туралы аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков, секторларға бөлінген аймақтарға жүргізілген тазалық жұмыстары туралы Шолаққорған ауылдық округі әкімі Әділ Елібаев хабарлама жасады.

Сонымен қатар, аудан әкімінің Шу,

Тасты, Жуантөбе ауылдық округтері мен Қыземшек кенті тұрғындарымен кездесуі барысында көтерілген өзекті мәселелердің орындалу барысы пысықталды. Аталған ауыл, кент округ әкімдері тұрғындардың ұсыныс-пікірлерінің төңірегінде жасалып жатқан жұмыстарын баяндады.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктеп, орындалу барысын толықтай бақылауда ұстайтынын айтты.

## АУДАН КӨЛЕМІНДЕ СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Аудан әкімінің тапсырмасымен бастау алған «Таза ауыл» эко-акциясы аясында аудан көлемінде кезекті сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Аудан әкімдігіне қарасты бөлімдер мен бюджеттік мекеме мамандары, барлық ауыл, кент округтері санитарлық-экологиялық акция аясында өткен тазалық жұмыстарына белсене қатысты.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы Шолаққорған ауылының ішкі көшелерін, «Біресек» каналы мен темір жол бойын аралап, бөлім, мекеме қызметкерлерінің сенбілік аясында атқарған жұмыстарының бағын бақыды. Онда аудан орталығын көркейткіп, абаттандыру мақсатында атқарылу керек жұмыстарды пысықтап, көркейту жұмыстарын қар-

қынды іске асыру мақсатында жауаптыларға қосымша тапсырмалар жүктеді. Сонымен қатар, Шолаққорған-Түркістан бағытындағы «Жасыл белдеу» аумағына барып, өткен жылғы және биылғы жылы отырғызылған тал көшеттерінің жай-күйін бақылады.

Айта кетейік, ұйымдастырылған сенбілікке 1855 адам, 13 арнайы техника жұмылдырылды. 44 шақырым көше бойлары мен 14 шақырым аяқ жолдары ретке келтірілді. Өзенкөлдер мен арықтардың 20 шақырымы тазаланып, полигондарға сенбілік барысында жинақталған 155 тоннаға жуық қоқыстар тасымалданды. Сондай-ақ көше бойындағы талдардың түптері әктеліп, «Жасыл белдеу» аумағына 1000-ға жуық қара тал көшеттері отырғызылды.

## ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына қоғамдық бақылаудың негізгі мақсаты мемлекеттік органдар жұмыстарының кері байланысын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің бас маманы Н.Үдербаев және Созақ аудандық “Демеу” мүгедектер қоғамық бірлестігінің төрайымы, аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі Б.Смахова Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөліміне қоғамдық бақылау жұмысын жүргізді.

Бақылау барысында бөлім тарапынан ұсынылатын мемлекеттік қызметті алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйымдастырылуы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиісті деңгейінде ұйымдастырылуы ұсынылды.

Аталған бақылау қандай да бір сападағы мемлекеттік көрсетілетін қыз-



мет сапасына азаматтардың қанағаттанушылығы туралы ақпаратының қажетті нәтижесін алуға көмегін береді.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

-Бала тәрбиесіндегі қазақтың бір озық үлгісі – әже мектебі. Қазіргі күні әже тәрбиесін көрген азаматтарды анадайдан танысың. Ең басты ерекшелігі сол, ондай жан барынша бауырмал болады. Өйткені әжесі ондай баланы көбінесе құшағына алып, қашан көзі ілінгенше айналып-толғанып, бойындағы бар жылуын беріп, бауырына басып жататын. Осындай қамқорлық көрген соң өрен мейірімді болып өсетін. Қолындағы ойыншығын, тәттісін біреуге беруге тырысатын.

Өзіміз әже мектебін көргендерді дәл осы – бауырмал мінезінен танимыз. Қандай қызметте, қандай лауазымды атқарып жүрсе де әже мектебінен шыққандар бойындағы айрықша жылылығынан кімнен тәрбие алғанын білдіріп тұрады. Шешелер қанша талапшыл болса, әжелер соншалық жұмсақтық көрсететін. «Осыдан бала бүлініп кетеді» деген түсінік білместіктен туған. «Баланы бес жасқа дейін патшаңдай күт, 5-тен 15-ке дейін құлыңдай жұмса, ал 15 жастан кейін құрбыңдай көр» де-

саң, ақ таяғы арқаңнан сарт ете қалады...

Бөбектердің ата-анасына еркелеп, еркін ойнап-күлуі – олардың өмірді өздігінен тануына кең жол ашады. Еркіндікте бәрін де өз қолымен ұстап, өз көзімен көрсін, сонда алған әсері мол болады, танымы зор болады. Ал он бескекелген бала толық дербесадам. Қазақта «он үште отау иесі» демейтінбе еді? Әжелеріміз де осы кезден үй иесі болуға үндеп, сенім білдіріп, келін әкелгеннің, қызық көрсеткеннің, бөпе сүйгеннің қызықтарын әңгімелеп отыратын еді ғой,-дейді Қарағұр ауылдық әжелер кеңесінің төрайымы Айсұлу апай.

Баланың ерте дамып, есеюін қазір ғылым да жетістікке санайды. Дамудың жолына ерте бастан түсу керек. Ұзақ жылдар орыстың ықпалында болып, солардың тәрбиелік салттарын бойымызға сіңірген біздің көптеген замандасымыз әже мектебінен кемістік таппаққа тырысады.

-Баланы ерте есейтуді де ондайлар қателік санап, үлкендердің



Қанша пайдалы болса да, қанша тиімді болса да әжелер мектебі қайтадан қалпына келері анық. Ол үшін аналардың өзі әже болуға тәрбиеленуі, тырысуы керек. Әрине, қазіргі әжелер бұрынғы әжелердің ұлағатын бойына сіңіріп, пайдалы қасиеттері мен тәрбиесін алып жатыр. Арнайы зерттеп, әжелер мектебінің озық үлгілері мен тиімді тұстары теріліп кітаптар жазылса, еңбектер жарық көрсе, сосын қазіргі апалар арасында курстар жүргізілсе, ондаймен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар пайда болса – әжелер мектебінің қайтадан ашылары бек мүмкін. Ол біздің Рухани жаңғыруымызға да қосылған үлес болар еді. Айсұлу апай ақын Ескермес Жақсымбетовтің сөзіне жазылған Әділбек Нысанбаевтың «Бала ғашық» әнінің кейіпкері. Осы ән ел ішіне таралған сонау жылдардан бері білеміз. Айсұлу апаймен де хабарласып тұрамыз. Жақында апайдың 70 жасқа толу мерейтойын атап өтуі болады. Ол уақытта да басымыз қосылып қалатын шығар. Өткен

## АУЫЛДЫҢ КӨРКІ

### ақ жаулықты әжелеріміз

#### Аяулы ана

**Өмір атты жарық нұр сыйлаған, қадірлім, ардағым, асылым, байлығым. Анашым! Бүгінгі мерей жа-сыңыз құтты болсын жанымызға шуақ сыйлап ортамызда жүріңіз.**

*Аяулы анам жетпістесің сен бүгін, Құрметтейді өз атыңды ел бүгін. Асыл анам, аппақ көңіл ардағым, Құттықтаймын шын жүректен мен бүгін.*

*Асыл анам биік болмыс арлысың, Ақ тілекпен атыратын таңды шын. Әкемнен қызмет етіп елге шын,*

*Алдыңыздар ауыл, елдің алғысын. Алтауымзды қыран өтіп баптаған, Ақ тілекті шын жүректен ақтарам. Ардақты анам аялаған биігім, Амандығың тағдыр берген бақ маған. Көтере алдың тағдыр берген сынағын, Өшірмедің асыл жардың шырағын. Айшекенім жетпісте деп Әз әкем, Аунап түскен шығар асыл Мұнарым. Аяулы анам өзің едің көреген, Қуанады немерең мен шөберең. Ғасыр тойын тойласыншы асылым, Бәрімізді шын шуаққа бөлеген!*

**Мақпал БАЙДІЛДАҚЫЗЫ.**

ген даналық өз қазағымыздан шыққан. Әрине, еркелетудің де жөні бар, ешкім де шектен шығарып жібермейді. Әжелеріміз де солай болатын, есті ерке болсаң – бетіңнен қақпайды, ал ессіз болып бара жат-

әңгімесін естіртпеуге, үйдегі үлкен-кішілі проблемалардан алыс ұстауға тырысады. Бұл жасөспірімді сол балалық қалпында қалдырып, ештеңеден хабарсыз, тек ата-анасы айтқан әңгімелерге ғана малдануға

үндейді. Бұдан баланың өмірге деген көзқарасы дами алмай қалады. Әрине қазіргі, интернет қолына еркін тиген бала өмірдің барлық қырларын өзі көреді. Бірақ соның бәрі әженің әңгімесі сияқты жұмсақтықпен, жылылықпен емес, дөрекілікпен, рақымсыздықпен жетіп, баланың санасын қатыгез, мейірімсіз қылып қалыптастырады. Ондай балалардан кейін не шығатынын көріп жүрміз. Тіпті қылмыстық жолға түспей, университетке түсіп оқыған болса да кейін маман болып шыққанда, бастық болып отырғанда бойында жылылық, адамгершілік жоқ екені көрініп қалады,-дейді Айсұлу апай ұрпақ болашағына алаңдап.

жылы Республикалық Ардагерлер ұйымының 35 жылдығы аясында ауылдық кітапхана мен Қарағұр ауылдық әжелер алқасының ұйымдастыруымен әжелер байқауы өтті. Байқауда әжелер өз өнерлерімен, қазақтың ұмытылып бара жатқан қолөнерімен, немерелерге айтқан тәрбиелік мәні бар ертегілерімен көзге түсті. Бірі әуелетіп ән салса, бірі ұршық иіріп, арқан есті, қозы, лаққа көген дайындады. Ұлттық тәрбиеге назар аударып, отбасының ұйытқысы болып отырған әжелердің орны ерекше. Өз балаларын жеткізіп, немере тәрбиесіне көңіл бөліп отырған Айсұлудай аналар аман болсын.

**Гүлдана БИФОНДИЕВА,**  
**Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы.**

## Өнері өрге жүзген өрендер

Көктемнің шуақты күндері Шолаққорған ауылындағы «Мыңжылқы» мәдениет үйінде «Жаңа Қазақстан, Күшіміз бірлікте!» айдарымен өнер

нады. Мәдени шарада Ф.Мұратбаев мектебінің мерейі үстем болып, биік белестерді бағындыра білді. Өзге өнерпаздардан озық болып

қатысып, үздік өнер көрсеткені үшін «Шабыт» бишілер тобы (жетекшісі Исатаева Жеңіскүн) марапатталды. Шабыт бишілер тобына тәлімгерлік көрсеткен белгілі сазгер, облыс жұртына танымал шебер ұстаз Мамырғали Байсатың да еңбегі ерен, жасаған жұмысының нәтижесі мол. Кіші және үлкен би тобынан құралған «Шабыттың» шыққан биігі көңіл кеншітеді. Халықаралық, республикалық жарыстарда өнерлерімен елдің, ауданның, облыстың абыройын асқақтатып жүр. Күміс көмей әншіміз Дайрабай Ақжүніс көпшілік көзайымына айналып, М.Әуезов университетіне оқуға жолдама алды. Бұл да оқушының талабы таудай екенін көрсетіп, талантына сай тиісті бағасын алды деп білеміз. Мектептің «көрме және қолөнер» шеберлерінің еңбегі еленіп, Маймақов Ғылым, Нәлібаева Шолпан, Жүнісова Ғазиза алғыс хатпен марапатталды. Жас таланттардың өнерін шыңдауда білім ұясы ұстаздарының еңбегін атап айтуға болады. Сабақтан тыс уақыт-

та шәкірттерін өнерге баулу-олардың басты мақсаты. «Өнерпаз болсаң арқалан, сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан» деп

лықпас, үйретуден балаға» деп бекер айтылмаса керек. Аталған мектептің оқушылары алдағы кезде де өнер аламында топты жаратынына сенімдіміз. Белгілі қылқалам шебері Маймақов Ғылымның өнер туындылары жоғары бағаланып, облыс жұртын тамсандырып келеді. Бұл тарихы тереңде жатқан



фестивалі өтті. «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, ел арасында талантты жастарды тауып, бағыт-бағдар беру мақсатында ұйымдастырылған шарада аудан көлемінде көзге түскен талантты жастар қатары көп болды. Олар осы өнер бәйгесінде бақтарын сы-

танылған өз шығармашылығы айдары бойынша Бабайхан Дастан (жетекшісі Құтжанова Гуля) мадақтама иеленді. Ол аудан көлемінде ақындар мұшайрасында «Бас жүлде» иеленіп, облыстан I орынды қанжығасына байлады. Жас өрендердің өнер фестиваліне



Абай атамыз айтқандай өнерге икемі бар, талапты оқушыларды жинап, оларға бағыт-бағдар беруден мұғалімдері еш жалыққан емес. Үнемі ізденісте жүретін ұстаздар қауымы шәкірттерін ұдайы өнерге баулап, шыңдаумен келеді. «Ұстаздық еткен жа-

Ф.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің өнерпаздары қатысқан (директоры Оразхан Қадірханұлы) бір парасы ғана. Алдағы уақытта мектеп ұжымына шығармашылық жеңістер мен толағай табыстар тілейміз!

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.**

# Зайырлы ел- қайырлы ел

Әлемде 113 мемлекет өзін зайырлы ел деп жариялаған болса, соның бірі – Қазақстан. Конституцияның 1-бабында ҚР өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратыны көрініс тапқан. Сонымен бірге Ата Заңымыз әрбір адамның діни сенім бостандығына кепілдік береді және конфессиялық, этникалық және басқа да белгілері бойынша кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салады. Ал жер бетіндегі 75 мемлекетте дін республиканың ресми бөлігі болып табылады.

«Зайырлылық» сөзі қазақ тіліндегі «ашық», «айқын», «сыртқы» деген мағыналарды білдіретін араб тіліндегі «захири» сөзінен енген. Зайырлылық ұғымының ауқымы кең. Зайырлылық–сөзінің мәні мемлекеттің діннен, дінің мемлекеттен бейтараптылығы және ар-ождан бостандығы. Зайырлылық дін де, атеизмде емес, тіптен идеология да емес. Ол діни бостандық ұстанымы.

Қазақстан Республикасы зайырлылық ұстанымды неге таңдады? Әр бір тәуелсіз елдің өзіндік жолы, идеологиясы, заңы және ұстанымдық принциптері болуы тиіс. Ислам философиясы тарихында дана бабамыз Әл-Фараби «Қайырымды ел көзқарастарының төркіні», «Азаматтық қоғам» және «Дін кітабы» деп аталатын рисалаларында мемлекеттік институттың діни емес негізде басқарылуы туралы жазып қалдырған. Алаш қайраткері Ә.Бөкейханұлы ХХ ғасырдың басында жаңа қазақ елін құрарда: «Біздің қазақ дін ісін көркейтетін болса - үкімет ісін бөліп қойған оң болады», - деп өсиет айтып кеткен.

Ең алдымен, біраз себептерге байланысты, мемлекеттіліктің зайырлылық моделі Қазақстан үшін баламасыз екенін атап кеткен жөн. Зайырлылық негізіне құрылған мемлекет басқару принципі бүгінгі таңдағы көпконфессионалды және полиэтникалық мемлекетіміздегі бірегей модель екенін түсіндіріміз керек.

Сонау Тәуелсіздік алып, еліміз енді аяғынан тұра бастаған тұста шет елдің сарапшылары «Қазақстанды қақтығысқа қолайлы, яғни, конфликт қаупі жоғары аймаққа» жатқызып отырған. Бұған себеп: «Бір шаңырақтың астында ұзақ жылдар бойы 130-қа жуық ұлт пен ұлысты, түрлі дінді уағыздайтын мыңнан астам діни бірлестіктерді тату-тәтті ұстап отыру оңай емес», - деп болжам жасаған.

Әрине, тәуелсіздігін енді алған жаңа Қазақстанға осындай болжам жасауға себеп бар. Себебі әлемдік тарих сахнасын зерделейтін болсақ, түрлі қақтығыстар мен тұрақсыздықтардың барлығы дерлік ұлттар мен діндер өкілдерінің арасындағы діни қарама-қайшылықтардан, өзара түсіністіктің жоқтығынан туындап, кейбір мемлекеттер соғыс алаңына айналып отырған. Мысалға айтар болсақ Сирия, Ауғаныстан, Таяу Шығыс және Африка елдеріндегі мемлекеттердің тағдырын алға тартсақ болады. Олардың пайымдауынша «Бұл ел (Қазақстан) көп ұзамай-ақ өзара түсініспей, мемлекетті құлатып тынады», - деп «Әлемдік ұлттар лабораториясы» ертеңімізге күмәнді болжам берген. Бір шаңырақтың астында мұншама көпэтносты және көпконфессиялы елдің ауызбіршілікте өмір сүруі қаншалықты қиын шаруа екенін түсінеміз. Сондай-ақ, әлемнің көптеген елдерінде ішкі тәртіп жүйені құлдырату, ксенофобияны өршіту, этностық-діни белгілер бойынша кемсіту қаупіне ұшырататын популизмге ұмтылу үрдісі байқалады.

Алайда, қазақ елі тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, күні бүгінге дейін ең маңызды ұлтаралық татулықты, конфессияаралық келісімді, өзара түсіністік пен тұрақтылықты, достықты өзіндік ұстаным етіп өмір сүреді. Еліміз қанша уақыттан бері шашау шығармай, достық пен бірлікті ту етіп, ортақ мүддеге жұмылдырып, қаншама ұлттардың және діни ұйымдардың ортақ Отаны бола білді. Тіпті, бүгінгі күні еліміздің өз бірлігін сақтап қана қоймай, әлем халқына тұрақтылықты, бейбітшілікті насихаттап, бірнеше жыл

қатарынан саяси маңызды халықаралық жиындар өткізуге мұрындық болып, діндер мен ұлттар арасында түсіністіктің қалыптасуына ықпал еткен бірегей тәжірибелі, елге айналуымыз талай елдің ерекше қызығушылығын тудырды. Егер кезінде еліміздің құрамы көпэтносты және көпконфессиялы болуына байланысты күмәнді болжамдар айтылса, бүгінгі күні сол сарапшылар татулықтың концепциясын бізден үйрену керектігін айтуда. Бұл жалпы елімізде дұрыс саясат жүргізіліп жатқандығын білдіреді.

Бүгінгі күні елімізде әр діннің өкілі өз құлшылығын емін-еркін атқаруда. Мұсылмандар мешітке, христиандар шіркеуге, өзге де дін ұстанушылар өзінің құлшылық қылатын ғибадатханаларына барып, Құдай алдындағы борышын атқаруда. Олардың өзара қарым-қатынасы да әлемнің өзге аймақтарында ұлттар мен ұлыстар үшін үлгіге айналды. Бұл зайырлы қоғамның анық көрінісі, Қазақстанның қол жеткізген тамаша жетістігі.

Зайырлы мемлекеттедіні бірлестіктерді қаржыландырмайды, олардың ішкі мәселелеріне араласпайды, бірақ әр азаматтың өз сенімін, дінін ұстануына кепілдік береді, тіпті жағдай жасайды. Зайырлылық принциптерін ұстану дегеніміз ұлттық дүниетанымға еркіндік, ар-ождан мен діни сенімге бостандық беріп, мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуын қамтамасыз ету деген сөз. Зайырлылықтың негізгі мақсаты жеке тұлғаны діндердің және идеологиялардың қысымынан құтқару, қорғау екендігін білуіміз қажет.

Кейде қоғам арасында діндар азаматтар тарапынан: «Зайырлық Қазақстан Республикасындағы ислам дамуына қайшы келмейді ме?» деген сауалдар болады. Бұл сұрақтың жауабына: ислам жауапкершілік пен әр нәрсенің артықшылығын дұрыс анықтайтын дін. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с) билік, дәреже және байлықты көздеп, басшыны ауыстыруға шақырмаған. Ислам дінін басқаға мәжбүрлеп қабылдатпаған. Өйткені шариғат негізінде – «дінде мәжбүрлеу жоқ» деген ұстаным бар.

Бір сөзбен айтқанда, мұсылманның қоғамдық келісімді сақтап, адамдар арасында бейбіт өмір сүруіне исламда қайшылық жоқ. Осылайша Конституция діни сенім бостандығына кепілдік береді. Сонымен қатар «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР 2011 жылғы Заңы бойынша ханафи мазхабы Қазақстанда дәстүрлі ислам діни ұстанымы ретінде танылады.

Ислам дінінде адамзатты бақытқа жеткізетін жол – дін ұстанудағы орта жол екендігі айтылады. Яғни ол – біржақты шетін көзқарасқа кетіп қалмай, дін мен дүниені қатар ұстау деген сөз. Зайырлылықты осы орта жол деп айтуға толық негіз бар. Ол діни мемлекет емес және атеистік мемлекет емес. Халықтың дін ұстануына толық еркіндік берген, заңмен басқарылатын құқықтық мемлекет. Бүгінде Қазақ елі өзін осындай зайырлы, демократиялық мемлекет ретінде толық орнықтырды.

Қайырлы ел принципі – адамдардың өмір сүру тәртібі, яғни қоғамдық тәртіпті бұзбай, қылмыс жасамай, мемлекет алдындағы бар міндетін орындап жүру азаматтық құндылыққа жатса, діни ұстанымымыз бойынша біреудің ала жібін аттамау, күнә жасамау, обал мен сауапты, адал мен арамды ажыратып жүру – рухани құндылық. Осы екі құндылық бірлескенде ғана жоғары руханиятты, шынайы зайырлы мемлекет болатынымыз айдан анық. Мемлекеттік идеологияның негізгі ұғымдары ретінде осы аталған ұғымдарды мектеп қабырғасынан бастап жастардың санасында қалыптастырып, дәстүрлі діни танымды үйретудің заманы келді.

**А.ДҮЙСЕН,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.**

Кеңес үкіметінің көзін көрген көнекөздер 70 жыл бойына «Құдай» деген бір ауыз қасиетті сөзді емін-еркін айтпай өтті. Аузында кәлима-сы, қолына тәспі ұстаған Құдай деген құлдарды, ишан, молда, қалпелерді түрлі жалған жалалармен айыптап құртты. Одан қалғанын құғынға ұшыратып, Қытай асырды, не Ауған асырды деген – естеліктерді сол кезден қалған көнекөз қарттардан есітіп жатамыз. Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақ даласында жұмыс істеп тұрған мешіт, медреселерді қиратып,

ісімен де зиян тигізбеген адам», - деп жауап берген екен. Шәкәрім қажы өз өлең жолдарында мұсылман деген кім? деген сауалға былайша жауап беріпті:

Хақ мұсылман кім болар –  
Айтса сөзі шын болар.  
Рахым, ұят, ар, ынсап –  
Төртеуі болса дін болар  
Жоғарыда келтірген араб болып тууды армандаған азаматтар мына нәрсені білгені дұрыс. Дін сау ақылға құрылады. Осыған байланысты Пайғамбар хадистері де, әуелі Құран аяты мен ақылға және өзге хадис шәріптерге

## Дінді ұстанудағы сыни пайым

одан қалғанын компартияның пропагандасын насихаттайтын клуб, қойма, тіпті мал қамайтын атқора жасаған кездері де болған екен. Түгел Түркі жұртына ортақ пір болған қасиетті мекен Түркістанда жатқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен ұстазы болған Арыстан бабтың кесенелерін қираудың сәл-ақ алдынан аман алып қалған сол кездегі Мәдениет министрі болған Өзбекәлі Жәнібеков қолға алмаса, бүгінде сол қасиетті орындардың жағдайы бүгінгі күнге жетер жетпесі беймәлім болар еді.

1991 жылы сең бұзылып, ақ түйенің қарны жарылып, жұрттың аузы аққа тиіп, ел бір-бірінен сүйінші сұратқан, бұрыңғы өткендерге арман болған Тәуелсіздік қолға тиді. Егемендіктің келуімен діни ұстанымы әлмисақтан мұсылманмын деп келген қазақ қоғамы шүкір деп мешітке барып, жұмадан қалмай, бес уақытын түгелдейтіндей күнге жетті. Бірақ таудан аққан селдей құлап ел ішіне небір теріс діни бағытты ұстанған діни топтар кіріп келді. Тұндап көрсең айтып тұрған құдайы бір, құраны бір, пайғамбары бір не болса да осылардың жолы дұрыс шығар деген оймен көптеген жасы бар, жасамысы бар, қариясына дейін сол теріс жолдарға жіпсіз байланғандар болды. Бұлардың қатарында елімізде заңмен тыйым салынған «Хизб ут-Тахрир», «Таблиғи Жамағат», «Ат-Такфир уәл-хижра» секілді діни экстремистік ұйымдар болды. Бұндай теріс діни бағыттардың ел ішін алапайдай бүлдіруіне 70 жыл бойына дінсіз қоғамды бастан өткерген кейінгі бос вакуум қалыптасуы себеп болды. Ол уақыттарда діни салада маман жетіспеушілігі тағы бар еді. Сол уақыттарда дінді ұстанушы адамдарда діни иммунитеттің қалыптаспауы да жоғарыдағы жағымсыз жайларға себеп болды. Ащы да болса шындық неге өмірге қазақ болып келдім, араб болып келгенім де ғой дейтін азаматтар да болып жатты. Яғни дінді ұстануда сау ақылға салып, сыни пікір қалыптастырудың орнына сыртқы жылтырағанды алтын деуден танбады. Дінге тек сыртқы мағынамен қарап, дінің ішкі мазмұнын, идеясын тастап қоюда. Алла Елшісіне (с.а.с.) бір күні бір кісі келіп «Мұсылман деген кім?», - деп сұрақ қойған екен. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.): «Өзге адамға тілімен де

қарсы келмеуі керек. Бұл кезінде хадис ғалымдарының Пайғамбар сөзіне анықтылықпен қарау мақсатымен пайда болған критикалық жүйесі болатын. Себебі Пайғамбар дүниеден өте салысымен-ақ жалған пайғамбарлар мен жалған хадис тарататындар белең ала бастаған болатын. Кейбір әсіре ұлтшылдық әрекеттерге байланысты, өзге ұлт өкілдеріне жеккөрінушілікті қоздыру мақсатында: «Жаннаттың тілі – парсы тілі», ал парсыларға жек көрінушілікті қоздыру үшін: «Алланың алдындағы ең жеккөрінішті тіл – парсы тілі» деген секілді жалған, шындыққа негізделмеген хадистерді ойлап таба берді. Ал араб ұлтының өзге ұлттардан жоғары екендігін насихаттау үшін «Анбәзә ибн Абдуррахман атты жеткізушісі бар хадисте: «Адамдардың жақсысы – арабтар, арабтардың жақсысы – құрайыш, құрайыштың жақсысы – һашим ұлдары...», - деген жалған хадис болатын. Өйткені Анзәбә ибн Абдуррахман тарихта жалған хадисші деп айыпталған және Бұхари болса бұл кісіден хадис алынбайтындығын кесіп айтқан болатын. Осы сияқты тағы бір жалған хадисте: «Иахия ибн Азиз тізбегі Ибн Аббасан жеткен: «Арабтарды мына үш нәрсесі үшін жақсы көріңдер: Мен арабпын, Құран араб тілінде, жаннаттың тілі араб тілі» деген секілді жалған хадистер ел ішінде біраз адасушылыққа алып келген болатын. Себебі Алла Елшісі (с.а.с.) «Арабтың араб емес-тен ешқандай да айырмашылығы жоқ», - деген сенімді сөзі жоғарыдағы түйін мәселенің шешімі болмақ. Құран Кәрімде Алла Тағала: «Мен сендерді түрлі ұлтпен ұлысқа жараттым. Бір-бірлеріңді тануларың үшін», - деуі арқылы да әрбір ұлттың өзіндік дәстүрін, тілін бөлек жаратқанын айтып тұр емес пе? Демек мұсылман болу өзге ұлтқа еліктеу емес деген сөз.

Шәкәрім қажы бір өлеңінде: «Дін тазасын діннен ізде, дін шатағын сынға ал» деген екен. Сол себепті діни мәтіндерге келгенде аса сақтықпен қарап, тереңнен үйілмесек өзге біреудің сойылын соғарымыз нақ анық.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.**

Среднесписочная численность работников, всего	чел.	23	23	0%
в том числе:	чел.			
производственного персонала	чел.	21	21	0%
административного персонала	чел.	2	2	0%
Среднемесячная заработная плата, всего	тенге	129533	129533	0%
в том числе:	тенге			
производственного персонала	тенге	128579	128579	0%
административного персонала	тенге	139543	139543	0%

Отчет исполнения тарифного плана по услугам водоотведения  
Таукентского филиала ТОО "Уранэнерго" за 2022 год.

Наименование показателей	Ед. изм.	Утвержденный тариф на 2022 год. Согласно приказу №142-НК от 28.12.2021г.	Фактические показатели за 2022 год	Отклонение
<b>Затраты на производство товаров и предоставление услуг, всего</b>	тыс. тенге	28504	19618	-31%
<b>Материальные затраты, всего</b>	тыс. тенге	1685	1689	0%
Сырье и материалы (хлорка)	тыс. тенге	965	1013	5%
ГСМ	тыс. тенге	488	490	0%
Энергия покупная	тыс. тенге	232	186	-20%
<b>Затраты на оплату труда, всего</b>	тыс. тенге	12271	12271	0%
Заработная плата	тыс. тенге	11009	11009	0%
Социальные отчисления	тыс. тенге	931	931	0%
Обязательное медицинское страхование	тыс. тенге	330	330	0%
<b>Амортизация</b>	тыс. тенге	6062	0	-100%
<b>Ремонт, всего</b>	тыс. тенге	2509	0	-100%
текущий ремонт оборудования	тыс. тенге	2509	0	-100%
Прочие затраты, всего	тыс. тенге	5977	5659	-5%
Услуги столовой (молочные талоны)	тыс. тенге	291	305	5%
Услуги автобазы	тыс. тенге	2695	2749	2%
Услуги РМС (изготовление не стандартных изделий)	тыс. тенге	64	64	0%
Услуги сторонних организаций (по поверки приборов, метрология)	тыс. тенге	114	114	0%
Страхование ГПО	тыс. тенге	66	66	0%
Командировочные расходы	тыс. тенге	61	61	0%
Услуги по ОТ и ТБ	тыс. тенге	1201	833	-31%
Материалы на охрану труда и техника безопасности	тыс. тенге	25	25	0%
Налог на имущество	тыс. тенге	832	1019	23%
Платежи за загрязнение окружающей среды	тыс. тенге	34	36	5%
Спецдежда	тыс. тенге	438	285	-35%
Повышение квалификации	тыс. тенге	156	101	-35%
<b>Расходы периода, всего</b>	тыс. тенге	3800	3479	-8%
Заработная плата адм. персонала	тыс. тенге	1631	1631	0%
Социальные отчисления	тыс. тенге	139	139	0%
Обязательное медицинское страхование	тыс. тенге	29	29	0%
Командировочные расходы	тыс. тенге	87	87	0%
Канцелярские товары и услуги СМІ	тыс. тенге	143	143	0%
Расходы на повышение квалификации	тыс. тенге	75	75	0%
Амортизация ОФ	тыс. тенге	256	256	0%
Материалы на содержание машин (бензин) и компьютеров	тыс. тенге	310	310	0%
Страховка	тыс. тенге	22	22	0%
Услуги охраны объектов	тыс. тенге	295	191	-35%
Услуги пожарной охраны	тыс. тенге	47	47	0%
Услуги сторонних организаций ТБ и ООС - всего	тыс. тенге	103	66	-35%
Услуги (связь)	тыс. тенге	458	312	-32%
Услуги банка	тыс. тенге	108	74	-32%
Налог на транспортные средства	тыс. тенге	18	18	0%
Налог на имущество	тыс. тенге	1	1	0%
Юрист база	тыс. тенге	78	78	0%
<b>В сего затрат</b>	тыс. тенге	32304	23098	-28%
<b>Всего доходов</b>	тыс.м3	32304	20264	-37%
Объемы оказываемых услуг	тыс.м3	105	66	-37%
Прибыль/+Убыток-	тыс. тенге	0	-2834	
<b>Утвержденный тариф (без НДС)</b>	тенге/м3	308,48	308,48	0%
Справочно:				
Среднесписочная численность работников, всего	чел.	10	10	0%
в том числе:	чел.			
производственного персонала	чел.	9	9	0%
административного персонала	чел.	1	1	0%
Среднемесячная заработная плата, всего	тенге	105338	105338	0%
в том числе:	тенге			
производственного персонала	тенге	101939	101939	0%
административного персонала	тенге	135923	135923	0%

Основные финансово-экономические показатели деятельности субъекта естественной монополии за 2022 год.

Активы	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
<b>I. Краткосрочные активы:</b>			
Денежные средства и их эквиваленты	010	59837	40928
Финансовые активы, оцениваемые по амортизированной стоимости	011	51	40
Задолженность работников (в т.ч. суды)		51	40
Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	016	1043267	946417
Торговая дебиторская задолженность		1 043 267	946 417
Залог	020	21588	25556
Прочие краткосрочные активы	022	3953	6761
налоги		3648	5442
		305	1319
<b>Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 022)</b>	<b>100</b>	<b>1128696</b>	<b>1019702</b>
<b>Активы (или выбывающие группы), предназначенные для продажи</b>	<b>101</b>		
<b>II. Долгосрочные активы</b>			
Основные средства	121	358675	371058
Нематериальные активы	125		232
Прочие долгосрочные активы	127	12224	4224
Незавершенное строительство		12224	4224
<b>Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 127)</b>	<b>200</b>	<b>370899</b>	<b>375514</b>
<b>Баланс (строка 100 + строка 101 + строка 200)</b>		<b>1499595</b>	<b>1395216</b>
<b>III. Краткосрочные обязательства</b>			
Краткосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по амортизированной стоимости	210	7034	6501
Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	214	3114215	3036335
Торговая кредиторская задолженность		3 113 757	3 035 363
Прочая кредиторская задолженность		458	972
Краткосрочные оценочные обязательства	215	20637	19579
Вознаграждения работникам	217	10422	10355
Прочие краткосрочные обязательства	222	6242	6216
налоги		501	276
		5741	5940
<b>Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 217)</b>	<b>300</b>	<b>3158550</b>	<b>3078986</b>
<b>Обязательства выбывающих групп, предназначенных для продажи</b>	<b>301</b>		
<b>IV. Долгосрочные обязательства</b>			
Вознаграждения работникам	317	1730	1276
<b>Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 316)</b>	<b>400</b>	<b>1730</b>	<b>1276</b>
<b>V. Капитал</b>			
Уставный (акционерный) капитал	410	7864023	7864023
Компоненты прочего совокупного дохода	413	425612	425612
Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток)	414	-9950320	-9974681
<b>Итого капитал, относимый на собственников материнской организации (сумма строк с 410 по 414)</b>	<b>420</b>	<b>-1660685</b>	<b>-1685046</b>
Доля неконтролирующих собственников	421		
<b>Всего капитал (строка 420 +/- строка 421)</b>	<b>500</b>	<b>-1660685</b>	<b>-1685046</b>
<b>Баланс (строка 300 + строка 301 + строка 400 + строка 500)</b>		<b>1 499 595</b>	<b>1 395 216</b>

Отчет о прибылях и убытках за 2022 год

Наименование показателей	Код строки	План	За отчетный период	За предыдущий период
<b>Выручка</b>	010	543633	560400	583980
Себестоимость реализованных товаров и услуг	011	441989	444990	596991
<b>Валовая прибыль (строка 010 - строка 011)</b>	<b>012</b>	<b>101644</b>	<b>115410</b>	<b>-13011</b>
Административные расходы	014	77369	77420	80353
<b>Итого операционная прибыль (убыток) (+/- строки с 012 по 016)</b>	<b>020</b>	<b>24275</b>	<b>37990</b>	<b>-93364</b>
Финансовые доходы	021	1519	158	2437
Финансовые расходы	022	510	14265	642
Прочие доходы	024	0	1524	2171576
Прочие расходы	025	0	743	2039074
<b>Прибыль (убыток) до налогообложения (+/- строки с 020 по 025)</b>	<b>100</b>	<b>25284</b>	<b>24664</b>	<b>40933</b>
Прибыль (убыток) после налогообложения от продолжающейся деятельности (строка 100 - строка 101)	200	25284	24664	40933
<b>Прибыль за год (строка 200 + строка 201) относимая на:</b>	<b>300</b>	<b>25284</b>	<b>24664</b>	<b>40933</b>
Прочий совокупный доход, всего (сумма 420 и 440):	400	0	-303	2165
Актуарные прибыли (убыток) до пенсионных обязательств	433	0	-303	2165
<b>Итого прочий совокупный доход, не подлежащий классификации в доходы или расходы в последующие периоды (за вычетом налога на прибыль) (сумма строк с 431 по 435)</b>	<b>440</b>	<b>0</b>	<b>-303</b>	<b>2165</b>
<b>Общий совокупный доход (строка 300 + строка 400)</b>	<b>500</b>	<b>0</b>	<b>24361</b>	<b>43098</b>

(Жалгасы 7-бетте).

Отчет об исполнении утвержденной инвестиционной программы и тарифных сметы на регулируемые услуги Таукентского филиала ТОО «Уранэнерго»

Отчет исполнения инвестиционной программы Таукентского филиала ТОО «Уранэнерго» за 2022 год.

Наименование показателя	Ед.изм.	Утвержденный план на 2022 год	Фактически за 2022 год	Отклонение
Приобретение вакуумный выключатель 10 кВ типа ВЭ/ТЕЛ-10-20/1000 с тележкой для типа КРУПа-10 кВ К-47	тыс. тенге	7 900	7 790	-1%
Приобретение шкаф защиты секционного выключателя 35 кВ с микропроцессорный терминалом Micom P127 в ПС-35/10кВ ГПП-3	тыс. тенге	5 610	5 310	-5%
Разработать проекта для создания волоконно-оптической линии связи от ПС 110/35/10 кВ "ТПП-К" до ПС 35/10 кВ "ТПП-3" (участок №1) и от ПС35/10 кВ "ТПП-3" до ПП-10 кВ (участок №2) (ПИР)	тыс. тенге	6 534	6 500	-1%
Приобретение разъединитель трехлопастный переменного тока 110 кВ с двумя заземляющими ножами и с двигателем приводом ПД-14-00 УХЛ1 марки: РГП.2-110/1000 УХЛ1, ПС110/35/10 кВ "ТПП-К"	тыс. тенге	14 220	10 490	-26%
Приобретение Шитовой шкаф 0,4 кВ ТП-3-2 комплект с водным автоматом и отходящими фидерами с учетом электроэнергосоответственно правилам ПТЭ и ПТБ.	тыс. тенге	5 241	5 547	6%
Приобретение и монтаж аккумуляторных батарей для шкафа ШУОТ-2405-80-230-2-УХЛ4 (управления оперативным током)	тыс. тенге	0	2 590	0%
Проведение экспертизы для проекта сметной документации монтажа волоконно-оптической линии связи от ПС 110/35/10кВ "ТПП-К" до ПС 35/10кВ "ТПП-3" (участок №1) и от ПС35/10кВ "ТПП-3" до "РП-10кВ" (участок №2)	тыс. тенге	0	1 500	0%
Приобретение вакуумных выключателей 35 кВ марки ВБЭТ-35Ш-25-25/630 на ОРУ-35кВ ПС 110/35/10кВ "ТПП-К"	тыс. тенге	19 185	19 700	3%
Приобретение Метромстр марки: Е6-24, для диспетчерской службы участка сетей и подстанции	тыс. тенге	1 000	0	-100%
Приобретение измерительный клещ марки: UNI-T UT208A для участка сетей и подстанции	тыс. тенге	1 158	0	-100%
<b>Всего:</b>	тыс. тенге	<b>60 849</b>	<b>59 427</b>	<b>-2%</b>

Отчет исполнения тарифного плана по передаче электрической энергии Таукентского филиала ТОО «Уранэнерго» за 2022 год.

Наименование показателей	Ед. изм.	Утвержденный тариф на 2022 год. Согласно приказу №10-НК от 26.01.2022г.	Фактически за 2022 год	Отклонение
<b>Затраты на производство товаров и предоставление услуг, всего</b>	тыс. тенге	235019	252013	7%
<b>Материальные затраты, всего - в том числе:</b>	тыс. тенге	18077	24056	33%
Сырье и материалы (техническое обслуживание и материалы на эксплуатацию)	тыс. тенге	17033	19972	17%
Прочие материалы (запчасти к автотранспорту)	тыс. тенге	1043	1710	64%
ГСМ	тыс. тенге	0	2374	
<b>Затраты на оплату труда, всего</b>	тыс. тенге	119607	128588	5%
Заработная плата	тыс. тенге	108374	113793	5%
Социальные отчисления	тыс. тенге	9754	10241	5%
Обязательное медицинское страхование	тыс. тенге	1480	1553	5%
<b>Амортизация</b>	тыс. тенге	60849	59427	-2%
<b>Ремонт, всего</b>	тыс. тенге	12562	13089	4%
Текущий ремонт	тыс. тенге	12562	13089	4%
Прочие затраты	тыс. тенге	23925	29853	25%
услуги автобазы	тыс. тенге	12574	13165	5%
Спецпитание	тыс. тенге	82	87	5%
Услуги ТБ и ООС	тыс. тенге	2682	2816	5%
Материалы на ОТ и ТБ	тыс. тенге	186	195	5%
Спецдежда	тыс. тенге	1584	1663	5%
Страхование ГПО	тыс. тенге	1297	1362	5%
Проверка приборов	тыс. тенге	654	687	5%
Услуги по повышению квалификации персонала	тыс. тенге	537	564	5%
Налоги	тыс. тенге	4320	5165	19%
Прочие расходы	тыс. тенге	0	4150	0
<b>Расходы периода, всего - в том числе:</b>	тыс. тенге	30661	31854	4%
Заработная плата административного персонала	тыс. тенге	11315	11881	5%
Социальные отчисления	тыс. тенге	1018	1069	5%
Обязательное медицинское страхование	тыс. тенге	226	238	5%
Командировочные	тыс. тенге	1029	1080	5%
Канцелярские и типографские	тыс. тенге	1174	1307	11%
повышение квалификации	тыс. тенге	114	120	5%
амортизация ОС	тыс. тенге	3025	3025	0%
Страхование (ГПО, экологическое, транспорта)	тыс. тенге	258	270	5%
охрана объектов	тыс. тенге	3487	3487	0%
Услуги пожарной охраны	тыс. тенге	555	583	5%
Услуги ТБ и ООС	тыс. тенге	1171	1230	5%
Услуги связи	тыс. тенге	4764	5002	5%
Услуги банка	тыс. тенге	1281	1345	5%

Налог на транспорт	тыс. тенге	214	241	12%
База юрист	тыс. тенге	929	975	5%
<b>Затраты на компенсацию нормативных потерь</b>	тыс. тенге	46942	42247	-10%
Нормативные потери	%	8%	5%	-45%
	тыс. кв.час	5655	3111	-45%
<b>Всего затрат</b>	тыс. тенге	312522	326114	4%
<b>Всего доходов</b>	тыс. тенге	312522	323850	4%
Объем оказываемых услуг (полезный отпуск)	тыс. кВтч	61369	63625	4%
<b>Всего доходов/убытков</b>	тыс. тенге	0	-2264	

## Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2023 жылдың 25 сәуір күні сағат 11:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

### Күн тәртібінде

1. Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің «2023 жылдың 4 айында атқарған жұмыстары туралы» есебі. (Хабарламашы; Ж.Борсабаев).

2. «Шолаққорған-Су» МКК «2022 жылда атқарған жұмыстары туралы және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары туралы есебі». (Хабарламашы; Ш.Тулеев).

3. Созақ аудандық орталық ауруханасының «2022 жылда атқарған жұмыстары туралы және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары туралы есебі» (Хабарламашы; Б.Нұсқабаев).

### 4. Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 25 сәуір күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

М.Сапаров

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

## Сібір жарасы-қауіпті ауру

Сібір жарасы – қойда топалаң, ешкіде шөкшек, ірі қарада қараталақ, жылқыда жамандат, түйеде ақшелек деп аталатын тез дамып, негізінен жіті өтетін аса жұқпалы ауру. Бұл аурумен адамда ауырады және түйнеме, күйдіргі деп аталады. Аурудың қоздырғышы «Бациллус антрацис» деп аталатын қозғалу қабілеті жоқ, таяқша тәріздес микроб тудырады. «Бациллус антрацис» микробы малдың қанында, етінде жақсы өмір сүреді, ал сыртқы ортаға тұскенде бұл микроб аса төзімді, қалың қабықта спора түзейді.

Спора түрінде микроб сыртқы ортада ұзақ уақыт ондаған жыл бойы өсіп-өну қабілетін жоймайды. мал денесінде оттегі жетіспеуі салдарынан микроб спора түзбейді. Егер өлген малдың терісін сыпырып, ішін жарса, ауамен бірге кірген оттегі микробтың спора түріне айналысуына жағдай жасайды. Сол себептен де Сібір жарасынан өлген малдың ішін жарып, сойып керуге болмайды, малды сойған адамға жұғуы мүмкін.

Малға ауру жаз айларында микробпен ластанған жайылым шөбі және ішкен суы арқылы жұғады, ал басқа малға өлген өлексе арқылы тарайды. Сібір жарасы – маусымдық ауру, Қазақ мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу институтының көп жылдардағы мәліметтері бойынша Республикамызда бұл аурудың 72% маусым, тамыз, қыркүйек айларында тіркелген.

Сібір жарасымен ауырған қой мен

ешкінің дене қызуы 41-42 градусқа дейін көтеріледі, дем алуы нашарлап енгіледі, жайылудан бас тартады, жүректің қызметі нашарлап мал тынышсызданады, танауынан және ауыздан қанды көбік, ал тік ішектен қанды жылым ағады да, көп ұзамай өледі.

Біздің ауданымызда өткен ғасырда «Сібір жарасы» ауруы тіркеліп, микробы топырақта жүз жылдап сақталатыны ескеріліп қолайсыз ошақтарға таным белгілері қойылып қоршалған және қажеттілігіне қарай ағымдағы жөндеуден өткізіліп тұрады. Атап көрсетер болсақ Шолаққорған а/о аумағында «Еркенің сайы», «Секіртпелі», «Қасқабұлақ», Созақ а/о аумағында «Қошқарата», Қарағұр а/о аумағында «Раң-ата», Құмкент а/о аумағында «Батпақ-су», Сызған а/о аумағында «Қарақуыс», Жарты-төбе а/о аумағында «Бибі-сай» жайылымдары қолайсыз аймақтар болып, бұл жайылымдарға мал бағылуына тиым салынады. Осы жайларда қатаң ескеріп, малдарыңызды уақтылы ауруға қарсы вакцинациялап отыру, ауруды болдырмау жолы екенін назарда ұстаңыздар.

**С.ТУРСМУХАМЕД,  
ҚР АШМ ВБЖҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.**

## Сарып ауруынан қалай сақтануға болады?

Сарып (бруцеллез) ауруы адамдардың сарып ауруымен сырқаттануы көктем, жаз айларында күрт өседі. Бұл малдың төлдейтін кезеңіне байланысты. Ауру малды төлдету кезінде, қойдың жүнін қырқып, одан өнім алу, сондай-ақ ет, сүт өнімдерін дайындау кезінде жұғады. Сүт зауыттарында да ауруды жұқтырып алуыңыз әбден мүмкін. Ол адамға қайнамаған сүт, қаймақ арқылы да жұға алады. Мал қораларын тазалау кезінде ауадағы шаң-тозаң арқылы да жұғады. Осы жұғу жолдарының ішіндегі ең қауіптісі – мал төлдету кезінде малдың шуы, қағанақ суы арқылы жұғуы.

Сарып ауруының қоздырғышы сүт құрамында қалыпты температурада 10 – 18 күн, қымыз бен шұбатта – 3, жаңа сойылған етте – 47, тоған-суаттарда 90 күнге дейін сақталады. Ол жүн мен теріде – 1,5 – 4 айға, ағын суда – 6 – 12 күнге, топырақ пен қида, тезекте 3 айдан 4,5 айға дейін қуатын жоймайды. Сүтте 55 градусқа дейінгі аралықта 10-15 минуттан кейін, ал қайнатқан кезде бір сәтте жойылады.

**Сарыптың алғашқы клиникалық белгілері:**

Кешке қарай дене қызуы көтеріледі, денені тер басады, әлсіздік пайда бо-

лады. Негізінен буындар ауырып, бұлшық еттер мен жүйке жүйелері зақымданады. Жыныс мүшелеріне әсер еткен жағдайда ерлерде орхитке, әйелдерде түсік тастауға, жатырдың қабынуына, мастит ауруларына әкеліп соқтырады. Ал балалар мен жасөспірімдерді белсіздік ауруымен зақымдауы мүмкін. Дер кезінде қаралмаған немесе дәрігерге кеш келген жағдайда бруцеллез асқынып, мүгедектікке әкеліп соқтырады.

### Бұл дертен сақтану жолдары:

Ең алдымен ауру малдың көзін тез арада жою қажет. Малды төлдету кезінде сақтық үшін арнайы қолғап, аяқ киім киген дұрыс, қолды сабынмен екі қайтара жуып, залалсыздандыру керек. Сонымен қатар сапалы өңдеуден өткен ет, сүт өнімдерін тұтыну қажет. Ауладағы малдың арасында түсік тастау, өлі туу жағдайын дереу мал дәрігеріне хабарлау керек. Әр отбасы мал дәрігерімен тығыз байланыста болғаны абзал.

**Х.ОСПАНОВ,  
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

(Соңы. Басы 6-бетте).

Отчет о движении денежных средств за 2022 год

Наименование показателей	Код стр.	тыс. тенге		
		План за отчетный период	За отчетный период	За предыдущий период
<b>I. Движение денежных средств от операционной деятельности</b>				
1. Поступление денежных средств, всего (сумма строк с 011 по 016)	010	608948	579347	2306186
реализация товаров и услуг	011	608869	530696	734347
авансы, полученные от покупателей, заказчиков	013	79	258	19918
полученные вознаграждения	015	0	0	1322
прочие поступления	016	0	48393	1550599
2. Выбытие денежных средств, всего (сумма строк с 021 по 027)	020	521784	517991	699202
платежи поставщикам за товары и услуги	021	210725	206147	305554
авансы, выданные поставщикам товаров и услуг	022	0	563	41146
выплаты по оплате труда	023	286997	208491	240537
подоходный налог и другие платежи в бюджет	026	8921	38874	56167
прочие выплаты	027	15141	63916	55798
3. Чистая сумма денежных средств операционной деятельности (стр.010-стр.020)	030	87164	61356	1606984
<b>II. Движение денежных средств от инвестиционной деятельности</b>				
1. Поступление денежных средств, всего (сумма строк с 041 по 052)	040	0	1518	0
реализация основных средств	041	0	1518	0
2. Выбытие денежных средств, всего (сумма строк с 061 по 073)	060	70069	43958	1473156
приобретение основных средств	061	70069	24131	12500
приобретение других долгосрочных активов	063	0	15705	1266952
прочие выплаты	073	0	4122	193704
3. Чистая сумма денежных средств от инвестиционной деятельности (стр.040-стр.060)	080	-70069	-42440	-1473156
<b>III. Движение денежных средств от финансовой деятельности</b>				
1. Поступление денежных средств, всего (сумма строк с 091 по 094)	090	0	0	0
2. Выбытие денежных средств, всего (сумма строк с 101 по 105)	100	0	0	0
3. Чистая сумма денежных средств от финансовой деятельности (стр.090-стр.100)	110	0	0	0
4. Влияние обменных курсов валют к тенге	120	0	-5	
5. Влияние изменения балансовой стоимости денежных средств и их эквивалентов	130	0	-2	-16
6. Увеличение (+)/уменьшение (-) денег (стр.030+-стр.080+-стр.110+-стр.120+-стр.130)	140	17095	18909	133812
7. Денежные средства и их эквиваленты на начало отчетного периода	150	40925	40928	1047
8. Денежные средства и их эквиваленты на конец отчетного периода	160	58020	59837	134859

## Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінде кадр, бақылау, заңгерлік

және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арызшағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Тұрар ҚАЛДЫБЕКҰЛЫ,  
Қаратау ауылдық округі әкімінің кеңесшісі, іс-басқарушысы.**

## Жемқорлықтың жолын кесу-азаматтық парыз

Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – субъектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру, және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік орган-

дар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Әрбір Қазақстандық отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру өскелең ұрпақтың жұмыс қағидатында маңызды рол атқарады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдау қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендігінің негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгелерге үлгі болуы тиіс.

**Нүрсәуле АБДРАХМАНОВА,  
аудандық ХҚКО маманы.**

**Сенім телефоны**

«Созақ ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 4-27-91 телефонына хабарласуға болады.

**«Созақ ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі 8(725-46) -4 - 26-74 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламалары қабылданады. Созақ аудандық бөлімшесінің «Сенім телефонына» түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптар беріледі.

**Хабарландыру!**

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Созақ ауданы, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі №15 мекен жайында, 2023 жылдың сәуір айының 24 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Әлішер КУЛМЕНОВ,**  
ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.

**Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда...**

Бабата ауылының тұрғыны, асыл әке, аяулы жар, ауыл-аймаққа қадірлі да сыйлы болған жан **Егізтай Есбаев** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің нұрлы бейнесі жадымыздан өшпек емес.



**Кейтсеңдағы бізден алыс мәңгілік, Жүрміз әлі сағынышпен қамығып. Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда, Жадымызда тұрар әркез жаңғырып,** - деп, асыл әкеміз Егізтай Есбаевтың рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 28 сәуір күні (27 сәуір – қонақ асы) Бабата ауылындағы өз шаңырағында беріледі.**

**Асқа шақырушылар: жұбайы - Нәзипа, ұл-қыздары, күйеу балалары, келіндері, Есбаевтар әулеті.**

**Жұмақтан болсын мекенің**

Жартытөбе ауылының тұрғыны, асыл ана, аяулы жар, жаны жайсаң жан **Гүлзира Мыңбайқызының** өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл жанның жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.



**Сабырлы жайсаң жүрүші ең, Жанұяңа нұр шашып. Күлімдеп күтіп алушы ең, Мейіріммен шайтанып. Қызығын көрер көп еді, Аллаға амал жетпейді. Тіршіліктегі жан бейнең, Мәңгілік естен кетпейді,**-деп асыл жан Гүлзира Мыңбайқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 21 сәуір күні (20 сәуір – қонақ асы) Жартытөбе ауылындағы өз шаңырағында беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Жыңғылбаевтар әулеті.**

**Балық аулауға рұқсат жоқ!**

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары! 2023 жылдың 15 сәуірі мен 31 мамыры аралығында аудан көлемінде «Уылдырық» іс-шарасы жүргізілуде. Осыған орай, аудан тұрғындарына балық аулауға, тасымалдауға тиым салынғандығын ескертеміз. Себебі, бұл уақытта өзен-көлдердегі балықтар уылдырық шашып, көбею процесі жүреді.

Аталған шараның мақсаты – табиғи тепе-теңдікті сақтап, өзен-көлдердегі балықтың азайып кетуіне жол бермеу болып табылады. Сондай-ақ, балықтың кейбір түрлерін маусымның соңына дейін аулауға болмайды.

Жоғарыда айтылған ескертулерге қарамастан заңсыз балық аулаған азаматтар Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес жауапқа тартылатындығын ескертеміз.

Аудан тұрғындарын табиғи байлықтарымызды қорғап, олардың өсіп-өнуіне үлес қосуға шақырамыз.

**Талғат ҚАБЫЛОВ,**  
Созақ аудандық орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аң қорғау инженері.

**Болашақ құтқарушылардың назарына!**

ҚР ТЖМ Малик Фабуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы оқуға, 16 жасқа толған мектеп бітірушілер балалар мен 25 жасқа дейінгі жұмысшы жастар қабылданады КТИ-ның іштей оқу бөліміндегі оқыған мерзім шұғыл әскери қызметтен өтуменен теңеседі және ішкі істер органдарындағы еңбек етіліне есептеледі. Институт түлектері міндетті түрде мемлекеттік азаматтық қорғау құрылымдарына қызметке орналастырылады. Институтқа түсу емтиханын тапсыруға келген талапкерлер қазармалық жағдайда болады және сарбаз тамағының мөлшеріндегі бағадағы тамақпен қамтамасыз етіледі. Түсу емтихандары конкурс негізінде 4 пән бойынша кешенді тестілеу түрінде: математика, физика, қазақстан тарихы және тіл (қазақ немесе орыс), пәндері бойынша өткізіледі. Тестілеуден басқа талапкерлер дене даярлығынан сынақ тапсырады. Күндізгі оқу түрі бойынша түсу емтихандарын тапсыру кезінде үміткерлер қазармалық жағдайда болады, институттағы күн тәртібін және жарғы талаптарын сақтайды. Күндізгі оқу түрі бойынша оқуға қабылданған тұлғалар әскери есептен шығарылып, өртке қарсы қызмет органдарының арнайы есебіне қойылады. Курсанттарды оқыту, киім-кешегі және тамақтану республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Одан басқа шәкіртақы төленеді: 1-2 курс 4601,22 теңге, 3-4 курс 7963,65 теңге. Институтты бітіргеннен кейін түлектермен бес жылға келісім-шарт жасалады, оның бір тармағында қызметкердің мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарынан шыққан жағдайда ол бес жыл бойы Институтта оқыған кезде кеткен мемлекет шығындарын төлейді.

Институттың күндізгі бөлімінің толық курсы бітірген тұлғалар үшін, атап айтқанда – 4 жыл оқу мерзімі мерзімді әскери қызметке теңеледі. Бірінші, екінші және үшінші курс курсанттары қазармалық жағдайда болады, төртінші курс курсанттары еркін тұрады.

Қазақстан Республикасы ІІМ ТЖК Көкшетау техникалық институтының пошта мекен-жайы: 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ақан сері көшесі, 136.

Факс: (87162)25-14-96, қабылдау бөлімі: 25-52-49, кадр жұмыс бөлімі: 25-04-01, кезекші бөлімше: 25-13-36, 25-48-52.

**Қанат АҚБАЕВ,**  
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.  
**БАЛИЕВ,**  
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

**Суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары**

Жаздың ыстығында күнге және ыстық құмға қыздырыну, салқын суға шомылу жанға сондай жайлы. «Су сенің досың немесе дұшпаның». Елімізде кішкентай балалар гана емес, сонымен қоса ересек үлкен ағаларымызда суға кетіп өмірден қош айтысып жатыр. «Су мен от тілсіз жау». Балалардың суға кету себебі үлкендердің қарауынсыз қалу себебінен, ересектердің суға кету басым көпшілігі мас күйінде суға шомылуы. Жас балалардың суға шомыла білмеуі, адамдардың суда қауіпсіздік ережелері, шараларын орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады.

Қатерге ұшыраған адамның жоғарғы тыныс жолдары мен асқазанын судан арылту үшін оның кеудесін көмек көрсетушінің тізесінің бүгілген аяғының үстіне басын төмендетіп салып, кеуде сүйегінің астыңғы бөлімдерін ырғақпен қысып баса беру. Ең жеңіл және тиімді тәсіл - «ауыздан-ауызға» немесе «ауыздан-мұрынға» ауа үрлеу. Қатерге ұшыраған адамды бетін жоғары қаратып жатқызып, бір қолды оның мойнының астына жіберіп, екінші қолымен маңдайынан басып, басын мүмкіндігінше шалқайту. Бас бармақпен және сұқ саусақпен қатерге ұшыраушының мұрнын қатты қысып, демді ішке терең алып, оның аузына минутына 18-20 дем салу керек. Қатерге ұшыраушының жүрек соғуын ұдайы қадағалап отыру керек. Егер жүрек соғуы тоқтап қалса қолдан дем алдыру мен қатар, жүрекке тікелей емес массаж әдісін қолдану керек, ол үшін: қатерге ұшыраушының жүрек тұсына бір алақанды қойып екіншісін айқастыра салу керек, екі қолдың да саусақтары көтеріңкі болу қажет, дене салмағын пайдалана, төс сүйекті омыртқа жотасына қарай 4-5 см қысады, жиілігі минутына 70-72 рет.

**Е.ТОҒАНБАЙ,**  
ҚР ТЖМ М.Фабуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының 4-курс курсанты.

**Сексеуіл алқабын өрттен сақтайық!**

Жаз мезгілі-орман шарушылығы қызметкерлердің еселеп жұмыс істейтін уақыты. Мұндайда мекеме қызметкерлері қырағалықты арттырып, өрт қауіпсіздігі үшін бір сәтке де тыным таппай еңбек етуде. Бүгінгі таңда ауданымызда Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-не қарасты 1034888,4 га сексеуіл орманы орналасқан. Сексеуіл орманы ауданымыздың мақтанарлық байлығы. Ол шөлейтті далада құм төбелердің көшкінінен сақтайды, ұлан-ғайыр адырлардың топырағын эрозиядан сақтайды. Алайда орман алқабы өрт қауіпі аймақ болып есептелгендіктен ерекше қорғауды қажет етеді, ормандағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады яғни ағаштардың арасында өрттің көзі жоқ. Ормандардың жануы кейде найзағайдан болады, бірақ өртті орманға жиірек адамдар әкеледі, мысалы; өшірілмеген бір дана темекі тұқылынан от тұтанып, орын толмас өкінішке соқтырады. Сондықтан жаңбырлы күз басталғанша барлық азаматтарды өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауға шақырамыз. Әсіресе, табиғат аясына серуенге шығушылар, құмға жұмыс бабымен шыққан басқа азаматтар өрт қауіпсіздігіне қатаң түрде көңіл бөлулері тиіс. Босаған бөтелкелерді ретсіз лақтырып кетудің өзі қауіпті. Қатты аптап ыстық кезінде күнге қызған шишадан от тұтанып шыға келуі мүмкін.

**Аудан тұрғындарының назарына!**

Егерде орман қоры жерінен өрт белгілерін байқап қалсаңыздар өз ауыл округтеріңіздің әкімшілігіне немесе өрт шыққан жерге жақын орналасқан жоғарыда көрсетілген бекеттерге хабар беріңіздер. Сонымен қатар Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі КММ-нің 7-70-77, 7-73-38, 7-50-80, 7-53-96 және де аудандық өрт сөндіру бөлімінің 101 сымтетіктерін хабарлаушыңыздар. Уақытылы анықталып, өшірілген өрт орман-тоғайымыздың сақталуының кепілі.

**Ғ.ПЕНТАЕВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі ММ КММ-нің орман қорғау инженері.

**Орманды тілсіз жаудан сақтайық!**

Көктем келіп, орман-тоғайларда өрт маусымы басталды. Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты

денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анамыз сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орнаны адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянаты-

мыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршаға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің бо-

рышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

**Бурабай ТӨРЕБАЕВ,**  
Созақ орман шаруашылығының орманшысы.

## Ән құдіреті

Жарқын бүгін таңалакеуім уақыт, әтеш шақырып бастағанда оянып, әдеттегісінен ерте тұрды. Жеңіл киініп, сыртқа шықты. Сөзім сергітер мамырдың мақпал ауасы тамылжып тұр. Шығыс көкжиектен арайлы таң енді ғана құланиектеніп бозарып келеді. Таң алдында туатын шолпан жұлдыз шұғылалы таңнан жүзін жасырғандай көмескілене бастапты. Табиғат әлемінің керемет көрінісі. Жарқын үй ауласында бой сергітіп біраз жүрді де үйге кіріп, жұбайы дайындап қойған ас мәзірінен аз, кем ауыз тиді де жұмысына шығып кетті. Сағат әлі сегіз бола қойған жоқ. Әр күнгі жұмыс осылай басталады. Таңғы 8-де шаруашылықтың сала бойынша жетекші мамандары директордың кабинетіне жиналады. Бүгінде солай. Белгіленген сала бойынша әр қайсысына нақты тапсырма береді. Ал, ертеңгі басқосуда берілген тапсырманың қаншалықты орындалғаны сарапқа салынады.

Сағат 9-00-да кеңсе жұмысы басталады. Оған дейін біршама уақыт бар. Бір сәт креслода кең тыныстап отырғанды жөн көрді. Шаш етекпен келетін шаруашылық жұмысы шаршатқан сияқты. Осы совхозға директор болып келгеніне екі жылға жуықтап қалды. Шаруашы шатқаяқтап, бөлшесінен қарызға батқан шаруашылықты аяғынан тұрғызу оңай бола қоймады. Күнделікті жұмыстың ырғағымен жүріп, кезекті еңбек демалысына да шыға алмады. Жаз айларының бірінде демалыс алу керек деп ойлады ол. Жанында тұрған транзисторды қосты. Әсем ән әуен кең бөлмені кернеп кетті. Латиф Хамидидің, «Қазақ вальсі». Сөзімді сергітер, кең тынысты, ғажап әуен. Баға жетпес классикалық ән. Өзге ұлт өкілі қазақ даласына осындай керемет әнді тарту етті.

Анығын айта білсек өткен ғасырдың екінші жартысында қазақтың саз әлеміне жүректі баурап алар не бір керемет тамаша әндер дүниеге келді. Сол бір үрдіс қазіргі тамаша жұтаң тартып кетті. Осы бір жәйттерді ой елегінен өткізген Жарқын қат-қабат келіп жататын қарбалас шаруаның иіріміне еніп кетті. Жаздың алғашқы екі айы совхоздың шаруасының сәл болса да саябыр табатын кезі. Қалған уақытта шаруашылықтың нақандық жұмыстары жыл бойына кезегімен келе береді. Осы жайды ойластырған жарқын ауданның бірінші хатшысымен хабарласып, шілде айында демалысқа шығатын болып келісті. Сылдырап аққан судай келісім алған уақыт та келіп жетті. Жолға дайындалып сонау қиырдағы Кисловодскіге аттанды. Бұл өңір тамылжыған табиғаты бар курортты аймақ. Жанға жайлы, жасыл әлем аясында, сананы сергітіп, жүйке тынышталып, демалыс өтіп жатты. Сондай сәттердің бірінде таңертеңгілік асқа ресторанға барды. Жанында Қостанай өңірінен келген келіншек бар. Үлкен залдың бір шетінде шағын оркестр музыка ойнап тұр. Ойына ән төресі, «Қазақ вальсі» түсе кетті. Орнынан тұрды да оркестрдің жанына барып, өзінің Қазақстаннан келгенін, елде осындай ән барын айтып, мүмкін болса, орындап беруін өтініді. Сақал, шашы жалбыраған сол өңірдің азаматы иығын қиқаң еткізіп, басын шайқады. Жарқын оларға қайталап өтініп жасады да орнына келіп жайғасты. Арада шамалы уақыт өткенде әлгі жігіт бұған қарап қолын көтеріп, таптым, деп дауыстады. Артынша құлаққа жағымды ән әуені орындала бастады. Жүректі дір еткізетін ғажап әуен. Қазақ әні осынау үлкен залдың ішін жаңғыртып, көк әлемге көтеріліп барады. Жарқынның тұла бойын ересен бір шаттық сезімі билеп кетті.

О, қасиетті туған жер, жүректі төбірткен ән құдіреті. Айдын көлдің толқынындай толқыған вальс ырғағы. Дереве қасында отырған келіншекті биге шақырып дөңгелене билеп жөнелді. Жарқын биге жақсы еді. Институтта оқып жүргенде би үйірмесіне қатысып талай рет жүлде алғаны бар. Сазды әуенге елтіген жұрт, бойларына желік кіріп, орындарынан тұрып, жаппай биге араласып кетті. Қайран, Қазақ әнінің құдіреті. Қуаныштан жарқынның төбесі көкке екі елі жетпей тұр. Шаттық сезімнен туындаған оның туған елге деген шексіз сүйіспеншілігі арта түскендей. Иә, жақсы ән жан азығы демекші, ән адамзат баласының тіршілігімен біте қайнасып жатқан дүние. Белгілі саз әлемінің зерттеушісі, кезінде қазақ әндерін жинақтаған А.Затаевич «Маған бүкіл қазақ даласы, ән салып тұрғандай көрінеді»-деп, бекер айтпаса керек. Біздің осынау самал ескен сайын даламызға Ақансерінің, Біржанның, Әбілахаттың, Шәмшінің әсем әндері шұғылалы шырай беріп тұрған секілді. Ылайым солай болғай.

**Тілеубек ЫБЫРАЙЫМОВ.**  
Раң ата ауылы.



## Жұлдызы жанған бала

Қазақ елінің келешегі, бүгінгі мен ертеңі алдымызда тәрбиелеп отырған жас ұрпақ екені сөзсіз. Өзге елдермен тереңіземізді теңестіріп, өркениетті елдер қатарына қосар, дарынды талантты ұрпақтар өсіп келе жатқаны көңілге қуаныш ұялатады.

Сондай бір дарынды, талантты оқушының бірі Ғани Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің 9 сынып оқушысы Бабайхан Дастан көптің көзайымына айналуда. Дастан «Илияс Жансүгіров оқуларының» аудандық кезеңіне қатысып, "Ұлы тұлғаға арнау" бағыты бойынша бас

жұлдені иеленіп, облысқа жолдама алды. Сәуір айының жетінші жұлдызында Арыс қаласында өткен облыстық кезеңде облысымыздың түкпір- түкпірінен келген талантты өрендерден оқ бойы озып, республикалық кезеңге жолдама алды.

Бағы мен бабы қатар келген шәкіртім ауданымыз бен мектебіміздің мақтанышына айналды.

Шәкіртіміздің жеңісі бүгінгі еңбектің ғана жемісі емес, үздіксіз еңбектің нәтижесі деп білеміз. Дастан бұған дейін де бірнеше сайыстарда бақ сынап, өз нәтижесін көрсетіп

жүрген болатын. Солардың бірі-аудан көлемінде ақпан айында өткен "Мұқағали Мақатаев" оқуынан бас жүлде алып, облыстық кезеңде көптің ішінен жарып шығып, бірінші орын иеленгені, ұстаздары мен ата-анасын қуантып оралған болатын.

Халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы "Ұстаздық-ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысына да, данасына да ғалымына да, еңбекқор егіншісінде, кеншісінде ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ әкелген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақтарды тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға

міндеттіміз"-деген екен. Шәкірт жетістігіне шын жүректен қуана білген мектеп жұмысына, әрбір ұстаздарға әр шәкірттеріңіз осылай толағай табысқа жетіп, қуана беріңіздер деген тілек білдіреміз.

Құлағердей оза шапқан мектебіміздің мақтанышы дарынды, талантты шәкіртіміз Дастан алдағы республикалық кезеңде облыстың, ауданымыздың, мектебіміздің намысын қолдан бермей жеңіспен оралады деген сенімдеміз!

**Гулия ҚҰТЖАНОВА,**  
жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

## Рақымы мол азамат еді

Өтпелі өмір. Бұл жалған дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеген. Кеше ортамызда жүрген жаны жайсаң, Жомарт көңілді, үнемі игі істердің ұйытқысы болып жүретін ініміз қазір ортамызда жоқ. Оның адами болмысы, терең білімділігі, бауырмашылдық қасиеттері жүрегімізде.

Рахымжан Ыбырайұлы Батырбаев Бабата ауылында 1962 жылы дүниеге келген. Ауылдағы М.Мәметова атындағы орта мектебінде оқып, Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық институтының дене тәрбиесі факультетін бітірген.

Мектепте оқытушы болып жүріп, мектептің, ауданның көлемінде талай оқушыларды спортқа бейім етіп тәрбиеледі. Оның шәкірттері аудан, облыс көлемінде жүлделі орын алды. Тәжірибесі аудан, облыс көлемінде тарқатылды.

Оның ешкімге ұқсамайтын ерекше қасиеттері бар болатын. Намаз оқиды, ораза ұстайды, таза дәретпен жүреді. Сондай-ақ адамдарға дем салып, науқастарды емдейді. Жас балаларды үшкіріп, науқасынан жазады, әулиелі жерлерді аралап, тәу етеді. Діни мектеп, медреселерде сауат ашпаған. Алла тағала оған сондай қабілет берген. Ескіше діни кітаптар-



ды оқиды, жаза да алады. Жас балаларды оқытып, жазуға үйретіп жүрді. Денеге шыққан жараларды дем салу арқылы жазып жүрді. Ысқақ баб кесенесі мен медресені, бүкіл қорымды қоршап, шарбақ жасаттыруға ұйытқы болды. Оның ішін көгалдандырып, суару үшін құдық қаздырған да сол еді.

Әуақтарға ас беру, оның ыдыс аяқтары түгендеу, құран бағыштау, шәкірт тәрбиелеудің басы-қасында осы ініміз жүрді.

Өзінің кәсіби мамандығы мұғалімдікпен қоса осыншама жұмысты қатар атқару-қазір ойласаң оңай шаруа емес.

Мектептегі спорттық жарыстар ұйымдастыруды, шәкірт тәрбиелеуді ол алдыңғы орынға қоятын. Шәкірттері ылғи да ауданда алдыңғы орындардан көрінетін. Мектептің спорт алаңы көздің жауын алатын, таза ұстайтын. Үнемі сырлап, жаңартып қоятын. Спортқа құмар балалар Рахымжанның ізінен еріп, жаттығатын.

Мектепте мұғалімдердің кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарып, ұжым мүшелерінің мүддесіне үнемі жанашыр тұғын.

Ауылда су мұрап табылмаған жылдары есік алдындағы егісті суландыру мақсатында су мұрап болып көпшіліктің көңіліне таба білді. Бұл елдің есінде.

Рахымжанның осында керемет игі істерін ауылдастары жиі еске алады.

Көпке үлгі болған, шәкірт тәрбиелеген, адал да еңбекқор, жақсы ұстаз, сегіз қырлы, бір сырлы үлгілі әке еді. Жұбайы Мира екеуі 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеген үлгілі отбасы, ретінде де танымал болды. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Біз сені ұмытпаймыз. Рахымжан.

**Садық ӘБДІРАШҰЛЫ,**  
Бабата ауылы.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
Бакытжанович

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.